

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-09-24
	Волонтерлік қозғалыс туралы ереже	№ 2 басылым 14 беттің 1-беті

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Басқармасының 2024 жылғы «13»
қыркүйектегі № 19 хаттама шешімімен

БЕКІТІЛДІ



2026 жылғы «04» _____ өзгерістер
мен толықтырулар енгізілді



**«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ВОЛОНТЕРЛІК ҚОЗҒАЛЫС ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ

Е-АсМУ-09-24



Астана қ.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-09-24
	Волонтерлік қозғалыс туралы ереже	№ 2 басылым 14 беттің 2-беті

АЛҒЫСӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** – Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті
- 2 **ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:** – Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі
департаменттің директоры З.Н. Шаймерденова
- 3 **ЕНГІЗІЛДІ:** – Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі департамент
- 4 **БЕКІТІЛДІ:** 2024 ж. «13» қыркүйектегі №19 хаттама
- 5 **ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЕНГІЗІЛДІ:** « 02 » 04 2026 ж.
- 6 **КЕЛІСІЛДІ:** – Академиялық жұмыс жөніндегі проректор, Баскарма
мүшесі А.К. Досанова
Стратегиялық дамыту және халықаралық ынтымақтастық
жөніндегі проректор, Баскарма мүшесі А.О. Мысаев
Аккредитация және сапаны басқару департаментінің
директоры А.Б. Жунусова
Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің
директоры З.Н. Шаймерденова
- 7 **ҚАЙТА ҚАРАУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** қажеттілігіне қарай

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-09-24 № 2 басылым
	<i>Волонтерлік қозғалыс туралы ереже</i>	14 беттің 3-беті

МАЗМҰНЫ

1.	Жалпы ережелер.....	4
2.	Негізгі бөлім	4
3.	Волонтерлік қызметке жауапкершілік және бақылау	8
4.	Волонтерлік қызметті қолдау және қаржылық қамтамасыз ету	8
5.	Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату	9
	Келісу парағы	10
	Өзгерістерді тіркеу парағы.....	11
	Танысу парағы.....	12

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-09-24 № 2 басылым
	Волонтерлік қозғалыс туралы ереже	14 беттің 4-беті

1. Жалпы ережелер

1. «Астана медицина университеті» КеАҚ-тың Волонтерлік қозғалысы (бұдан әрі – Волонтерлік қозғалыс) әлеуметтік белсенді білім алушылардың ұйымдастырушылық, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту мен іске асыру үшін жағдай жасау мақсатында құрылады.

2. Волонтерлік қозғалыстың миссиясы – жастар ортасының физикалық және адамгершілік тұрғысынан сауықтырылуына үлес қосу.

3. Волонтерлік қозғалысқа қатысушылар Волонтерлік қозғалыстың идеяларын іске асыруға келісім береді және қозғалыс өткізетін іс-шараларға ерікті түрде қатысады.

4. Волонтерлік қозғалыс заңды ұйым болып табылмайды және пайда табуды мақсат етпейді.

5. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) волонтер – волонтерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;
- 2) волонтерлік акция – волонтерлік ұйым және (немесе) волонтерлер, және (немесе) волонтерлер тобы жүзеге асыратын, нақты әлеуметтік бағыттағы, қоғамдық пайдалы міндетті шешуге арналған іс-шара;
- 3) волонтерлік бағдарлама (жоба) – волонтерлік ұйым және (немесе) волонтерлер, және (немесе) волонтерлер тобы жүзеге асыратын, іс-шаралар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген, әлеуметтік бағыттағы қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге арналған іс-шаралардың жүйелі кешені;
- 4) волонтерлік қызмет – ерікті түрде, адамның еркін білдіруі негізінде өтеусіз жүзеге асырылатын қоғамдық пайдалы әлеуметтік бағыттағы қызмет;
- 5) волонтерлік ұйым – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және волонтерлік қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;
- 6) волонтерлер тобы – волонтерлік қызметті бірлесіп жүзеге асыру мақсатында құрылған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар қолданылатын, жеке тұлғалардың ерікті тіркелмеген бірлестігі;
- 7) волонтерлік қызмет саласындағы уәкілетті орган – волонтерлік қызмет саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2. Негізгі бөлім

6. Волонтерлік қозғалыстың мақсаты: білім алушылардың белсенді әлеуметтік және азаматтық ұстанымын, өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру, сондай-ақ адалдық, әділдік, мейірімділік, жанашырлық, қоғамға, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға, науқастарға, жалғызбасты адамдарға және мүгедектігі бар адамдарға өтеусіз қызмет көрсетуге дайын болу сияқты жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

7. Волонтерлік қозғалыстың міндеттері:

- 1) студенттік ортада еріктілік идеяларын насихаттау;
- 2) волонтерлердің әртүрлі бағыттар бойынша қызметін ұйымдастыру;
- 3) волонтерлік қозғалысты дамытуға қолайлы жағдайлар жасау және Университет білім алушыларының қалалық және республикалық әлеуметтік маңызы бар акциялар мен жобаларға қатысу белсенділігін арттыру;
- 4) қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге жәрдемдесу;
- 5) білім алушыларды қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі іс-шараларға тарту;

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-09-24 № 2 басылым
	Волонтерлік қозғалыс туралы ереже	14 беттің 5-беті

- 6) қоғамның игілігі үшін ерікті еңбек идеяларын насихаттау арқылы жоғары адамгершілік қасиеттерді дамыту;
- 7) Университетті және қаланы абаттандыру бойынша көмек көрсету;
- 8) салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған ақпараттық-насихаттау қызметін жүзеге асыру;
- 9) білім алушылар арасында жұмыс жүргізетін көшбасшыларды даярлау;
- 10) білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру;
- 11) білім алушыларда патриоттық сезімді және Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;
- 12) волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) және волонтерлік акцияларды іске асыратын волонтерлер тобын қалыптастыру;
- 13) волонтерлік қызмет бойынша оқытуды ұйымдастыру;
8. Волонтерлік қызметтің қағидаттары:
 - 1) волонтерлер қызметінің тегіндігі, еріктілігі, тең құқықтылығы және заңдылығы;
 - 2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес волонтерлік қызметтің мақсаттарын, нысандарын, түрлері мен әдістерін айқындауда, сондай-ақ оның бағытын таңдаудағы еркіндік;
 - 3) волонтерлік қызмет туралы ақпараттың жариялылығы мен жалпыға қолжетімділігі;
 - 4) волонтерлік қызметке қатысатын адамдардың ынтымақтастығы, адалдығы және өзара әріптестігі;
 - 5) өмір мен денсаулықтың қауіпсіздігі;
 - 6) осы саладағы тең құқылы және өзара тиімді халықаралық ынтымақтастық.
9. Волонтерлік қызметтің негізгі түрлері:
 - 1) халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына, арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге қатысу;
 - 2) қарт адамдарға, мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету, олар үшін қолжетімді орта ұйымдастыру, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік бейімдеу, қоғамға кіріктіру және тәрбиелеу жұмысына жәрдемдесу;
 - 3) дүлей зілзалалар, экологиялық, техногендік және өзге де апаттар, әлеуметтік қақтығыстар, жазатайым оқиғалар салдарынан зардап шеккен адамдарға, құқық бұзушылық құрбандарына, босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушыларға, сондай-ақ бөгде адамдардың көмегі мен қолдауына мұқтаж өзге де санаттағы және топтағы адамдарға көмек көрсетуге қатысу;
 - 4) төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жоюда орталық және жергілікті атқарушы органдарға жәрдем көрсету;
 - 5) хабар-ошарсыз кеткен адамдарды, Ұлы Отан соғысы мен жергілікті соғыстарға қатысушылардың сүйек қалдықтарын іздестіруге қатысу;
 - 6) қоршаған ортаны қорғауға және сақтауға, аумақтарды абаттандыруға қатысу;
 - 7) тарихи және мәдени мұраны сақтауға, тарихи-мәдени мекен ортасын қалпына келтіруге және сақтауға жағдай жасауға қатысу;
 - 8) білім беруді, ғылымды, мәдениетті дамытуға, білімді насихаттауға және инновацияларды дамытуға қатысу;
 - 9) дене шынықтыруды, спортты және белсенді демалысты дамытуға және насихаттауға, өңірлік, өңіраралық, республикалық қоғамдық және халықаралық дене шынықтыру және спорт іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
 - 10) саламатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жұмысты жүргізу, әлеуметтік маңызды

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-09-24 № 2 басылым
	Волонтерлік қозғалыс туралы ереже	14 беттің 6-беті

аурулардың таралуына қарсы алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.

11) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе өңірлік, өңіраралық, республикалық және халықаралық мәдени, бұқаралық, ойын-сауық және өзге де қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу, оның ішінде волонтерлік лагерьлердің қызметіне, археологиялық қазба жұмыстарына, тарихи ғимараттардың қасбеттерін қалпына келтіруге, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерьлерінің жұмысына, конгрестік-көрме қызметіне қатысу,

12) халықтар арасындағы бейбітшілікті, достықты және келісімді нығайтуға, әлеуметтік, ұлтаралық, конфессияаралық, этносаралық және діни қақтығыстардың алдын алуға қатысу;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін волонтерлік қызметтің өзге де түрлеріне қатысу.

10. Ерікті қызмет түрлері:

1) экологиялық волонтерлік, білім алушыларды экологиялық акцияларға тарту, оларды табиғатты қорғау қызметіне қатыстыру;

2) білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;

3) Университетте қалалық, республикалық және халықаралық іс-шараларды (форумдар, фестивальдер, спартакиадалар) ұйымдастыруға көмек көрсету;

4) туризмді дамыту мақсатында экскурсиялық қызметті ұйымдастыру кезінде туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға көмек көрсету (мұражайларға, кітапханаларға және қаланың басқа да көрікті жерлеріне бару);

5) республикалық және қалалық іс-шараларды өткізу барысында жергілікті жастар ресурстық орталықтарының жұмысына волонтерлермен бірге қатысу;

6) инклюзивті білім беру;

7) девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмаған балалармен жұмыс жүргізу;

8) аула және спорт клубтарының жұмысын ұйымдастыру;

9) балалармен, қарт адамдармен және мүгедектігі бар адамдармен әлеуметтік жұмыс жүргізу;

10) қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік және тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау саласындағы қызмет;

11) пациенттерге, қарт адамдарға және мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсететін мемлекеттік және жекеменшік денсаулық сақтау ұйымдарының, сондай-ақ әлеуметтік бағыттағы өзге де ұйымдардың жұмысына қатысу;

12) қоғамдық қорлармен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

13) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде волонтерлік қызметті белсенді түрде жариялап отыру;

11. Волонтерлерді тіркеу тәртібі

12. Іс-шаралар мен жобаларды іске асыруға қатысу үшін білім алушыларды волонтер ретінде тіркеу Google Forms арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады.

13. Волонтерлік қызметті он сегіз жасқа толған жеке тұлғалар жүзеге асыра алады. Он сегіз жасқа толмаған жеке тұлғалардың волонтерлік қызметі олардың денсаулығы мен адамгершілік дамуына зиян келтірмеген және оқу процесін бұзбаған жағдайда жүзеге асырылады.

14. Білім алушылардың волонтерлік қызметі Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен білім алушылардың сабақтан тыс белсенділігі рейтингін,

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-09-24 № 2 басылым
	Волонтерлік қозғалыс туралы ереже	14 беттің 7-беті

электрондық портфолиосын және жетістіктерін бағалаудың өзге де көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде ескерілуі мүмкін.

15. Волонтерлік қызметтің нәтижелері Университеттің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес Университеттің интеграцияланған GPA/achievement жүйесінде ескерілуі мүмкін.

16. Волонтердің құқықтары:

1) өзінің қажеттіліктері мен ұмтылыстарына сәйкес келетін еріктілік қызмет түрін таңдауға;
 2) волонтерлік қызметтің мақсаттары, міндеттері мен мазмұны, волонтерлік қызметті ұйымдастырушы, волонтерлік ұйым, оның басшылығы, қызмет қағидаттары және ұйымдық құрылымы туралы шынайы ақпарат алуға;

3) волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) орындауға және волонтерлік қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырылатын, бастамашылық жасалатын немесе ұсынылатын волонтерлік акциялар мен өзге де іс-шараларды өткізуге;

4) ауыр жұмыстарды, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарды орындау кезінде, егер бұл волонтермен жазбаша нысанда жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шартта көзделген болса, арнайы киім алуға, жол жүруге, тұруға, тамақтануға, қажетті жеке қорғаныш құралдарын, құрал-саймандарды сатып алуға жұмсалған және өзге де шығындардың өтемақысын алуға;

5) волонтерлік қызметті ұйымдастырушыдан және волонтерлік ұйымнан ұсыным хаттарын алуға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізілген жағдайда, өзінің жүзеге асырған волонтерлік қызметі, оны жүзеге асыру орны мен сағат саны, көтермелеулері, алған қосымша даярлығы, қолдау және көтермелеу шараларын алуға құқығы туралы және өзге де мәліметтерді ақпараттық ресурстарға енгізуге;

7) волонтерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт ұйымдарына және табиғатты қорғау мен орман мекемелерінің аумағына осы ұйымдардың басшылығымен келісу арқылы кіруге;

8) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу іс-шараларына қатысуға;

9) білім беру гранттарын алуға арналған конкурс кезінде патриотизмі мен белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісі болған жағдайда, сондай-ақ жоғары білімді кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын білім алушылар қатарына қабылдау кезінде балдары тең болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен артықшылық алуға құқылы.

17. Волонтердің міндеттері:

1) волонтерлер үйлестірушісінен алған тапсырмаларды адал орындауға және олар аяқталғаннан кейін олардың орындалғаны туралы волонтерлер үйлестірушісіне хабарлауға;

2) азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға, волонтерлік қызметті ұйымдастырушының өз құзыреті шегінде берген тапсырмаларын орындауға;

3) волонтерлік қызметті қауіпсіз жүзеге асыру қағидаттарын сақтауға, өзінің қызметімен үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға зиян келтірмеуге;

4) волонтерлік қызметті жүзеге асыру барысында өзіне қолжетімді болған ақпараттың құпиялылығын сақтауға;

5) волонтерлер үйлестірушісінің келісімінсіз волонтерлік қызметті жүзеге асыру жөніндегі өз міндеттерін басқа тұлғаларға жүктемеуге;

6) волонтерлік қызметті жүзеге асыру барысында өзіне берілген материалдық ресурстар мен жабдыққа ұқыпты қарауға және жұмысты аяқтағаннан кейін оларды қайтаруға;

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-09-24 № 2 басылым
	Волонтерлік қозғалыс туралы ереже	14 беттің 8-беті

7) мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды адамдарының өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтірмеуге;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, сондай-ақ азаматтық-құқықтық сипаттағы шартта көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

18. Волонтерлік қызмет Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы ережелерін, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

19. Волонтер волонтерлік қызметті бастамас бұрын қауіпсіздік, еңбекті қорғау және іс-шараларды өткізу кезіндегі мінез-құлық қағидалары бойынша нұсқамадан өтеді.

20. Волонтер қауіпсіздік талаптарын сақтауға және іс-шараларға қатысушылардың немесе өзге тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген жағдайлар туралы үйлестірушіге дереу хабарлауға міндетті.

3. Волонтерлік қызметке жауапкершілік және бақылау

21. Осы Ережеге сәйкес волонтерлер топтарының қызметін ұйымдастыру және оның жұмысын қамтамасыз ету, басқа ұйымдармен және мекемелермен өзара іс-қимылды жүзеге асыру, сондай-ақ қызметтің сапасына бақылау жасау «Астана медицина университеті» КеАҚ Әлеуметтік және тәрбие жұмысы орталығының волонтерлер үйлестірушісіне жүктеледі.

22. Волонтерлер үйлестірушісін волонтерлік қызметті ұйымдастырушы немесе волонтерлік бағдарламаны (жобаны) не волонтерлік акцияны іске асыруға жауапты волонтерлік ұйым тағайындайды немесе ол волонтерлер тобының құрамындағы волонтерлердің арасынан сайланады.

23. Волонтерлер үйлестірушісі волонтерлерге нұсқама жүргізеді, олардың арасында жұмысты бөледі, әрбір волонтердің жұмыс орны мен көлемін айқындайды және жұмыстың орындалуын бақылайды.

24. Волонтерлер үйлестірушісі мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, волонтерлік қызметтің өзге де ұйымдастырушыларымен, басқа волонтерлік ұйымдармен және волонтерлер топтарымен өзара іс-қимыл жасайды.

25. Волонтерлер үйлестірушісі волонтерлерді жұмыстарды қауіпсіз орындау тәсілдері мен әдістеріне, сондай-ақ жазатайым оқиғалардан зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге оқытуды қамтамасыз етеді.

26. Волонтерлік ұйым волонтерлерді оқыту үшін білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдарды тартуға, сондай-ақ арнайы семинарлар, тыңдаулар, жұмыс кездесулері және волонтерлер слеттерін өткізуге құқылы.

4. Волонтерлік қызметті қолдау және қаржылық қамтамасыз ету

27. «Астана медицина университеті» КеАҚ волонтерлерді көтермелеуді жүзеге асырады, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен ерекше көзге түскен волонтерлерді көтермелеу және (немесе) марапаттау үшін олардың кандидатураларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және (немесе) өзге де ұйымдарға ұсынады.

28. Волонтерлерді көтермелеу және марапаттау жыл сайын желтоқсан айында Университетте өткізілетін «АсМУ Жыл волонтері» салтанатты іс-шарасында жүзеге асырылады.

29. Волонтерлік қызметті қолдау шаралары қайырымдылық көмек ретінде келесі түрлерде жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-09-24 № 2 басылым
	<i>Волонтерлік қозғалыс туралы ереже</i>	14 беттің 9-беті

2) мүліктік қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қолдау түрлері.

30. Адал еңбегімен ерекшеленген волонтерлерді көтермелеу және марапаттау түрлері «Астана медицина университеті» КеАҚ білім алушыларының интегралды GPA жүйесін енгізу туралы ереженің 17-тармағына сәйкес айқындалады. Аталған ереже «Астана медицина университеті» КеАҚ Басқармасының 2026 жылғы 26 мамырдағы №12 шешімімен бекітілген.




5. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату

31. Осы Ережені қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату Университеттің «Құжаттаманы басқару» стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.




32. Осы Ереженің түпнұсқасы Университеттің Аккредиттеу және сапаны басқару департаментінде тіркеледі және сақталады.

33. Осы ереженің сканерленген нұсқасы Университеттің ресми сайтында орналастырылады және Университеттің мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.



Келісу парағы

№ р/с	Лауазымы	Тегі, аты-жөні	Келісу күні	Қолы
1	Аккредитация және сапаны басқару департаментінің директоры	А.Б.Жунусова	02.04.2026	
2	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі департаментінің директоры	З.Н. Шаймерденова	02.04.2026	
3	Бақылау, құжат айналымы және мемлекеттік тілді дамыту департаментінің жетекші маманы	Г.Д. Абдешова.	02.07.2026	

Өзгерістерді тіркеу парағы

№	Өзгеріс енгізілген беттің (парақтың) нөмірі				Барлығы бет	Ереженің өзгеріс енгізуге негіз болған бөлімінің, тармағының, тармақшасының нөмірі	Өзгерістер енгізген тұлғаның қолы	Өзгеріс енгізілген күн
	Өзгертілген беттер	Ауыстырылған беттер	Жаңадан қосылған беттер	Күші жойылған беттер				
1	1				14	Мазмұны (құжаттың құрылымы мен бөлімдерінің нөмірленуі өзгертілді).		02.07.26
2	4-5				14	1 «Жалпы ережелер», 2 «Негізгі бөлім» бөлімдері (мақсаттарға, міндеттерге, негізгі ұғымдарға, қағидаттарға және волонтерлік қызмет түрлеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).		02.07.26
3	6-7				14	2–3-бөлімдер (волонтерлік қызметтің бағыттарымен толықтырылды, волонтерлерді тіркеу тәртібі, волонтерлік қызметті есепке алу, электрондық тіркеу, GPA/achievement жүйесінде есепке алу, кәметке толмағандардың қатысу ерекшеліктері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді)		02.07.26
4	8-9				14	3–4-бөлімдер (волонтерлердің құқықтары мен міндеттері, қауіпсіздік талаптары, жауапкершілік пен бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).		02.07.26

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

5	10				14	5 «Волонтерлік қызметті қолдау және қаржылық қамтамасыз ету» бөлімі (қолдау шараларына, волонтерлер рейтингін қалыптастыруға, академиялық ұтқырлыққа қатысу мүмкіндіктеріне және көтермелеу шараларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).		02.07.26
6	11				14	6 «Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату» бөлімі (құжатты сақтау және орналастыру тәртібіне өзгерістер енгізілді).		02.07.26

Танысу парағы

№	Лауазымы	Тегі, аты-жөні	Танысу күні	Қолы